Результаты исследований. При обследовании воздуха седиментационным методом - воздух возможно считать практически чистым. На чашках Петри с питательным агаром выросло в среднем до 70 колоний.

В чашках Петри после седиментационного метода отмечен рост в круглых, гладких единичных колоний. После приготовления мазков из колоний обнаружены грамположительные и грамотрицательные бактерии в форме палочек (Рисунок 3).




Рисунок 3 – Палочковидные бактерии в воздухе помещения обработки икры

Микробиологический анализ производственного процесса представлен в таблице 1.

Таблица 1 - Микробиологический контроль санитарного состояния производства

№ п/п	Объект исследования	Мезофильные аэробные и факультативноанаэробные микроорганизмы,	Бактерии группы кишечных палочек
1	Оборудование, инвентарь цеха переработки икры (рабочие столы)	180-200 КОЕ на 1 см ² поверхности	Не обнаружено
2	Тара (внутренняя поверхность): чашки для взятия икры и стеклянные банки	3-5 КОЕ в 1 см ³ смывной воды	Не обнаружено
3	Икра зернистая осетровых рыб	1×10 ³	Не обнаружено

В мазках из культур с посуды для взятия и упаковки икры обнаружено незначительное количество грамотрицательных и грамположительных микроорганизмов в виде коков и палочек. (Рисунок 4).




Рисунок 4 – Микроорганизмы обнаруженные в смывах из посуды

По результатам проведенных исследований можно сделать следующие выводы:

1. Оборудование и инвентарь используемые в аквариальном комплексе университета для получения и переработки икры осетровых рыб прижизненным способом соответствует санитарным нормативам.
2. Микрофлора полученной икры по содержанию МАФАНМ и БГКП не превышает общепринятые нормативы.
3. В аквариальном комплексе университета процесс прижизненного получения икры и последующей ее переработки проводится в соответствии с санитарными нормативами, а продукция отвечает требованиям пищевой безопасности.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Галынкин В.А., Заикина Н.А., Карцев В.В., Шевелева С.А., Белова Л.В., Пушкарев А.А. Микробиологические основы ХААСП при производстве пищевых продуктов. - СПб.: ООО «Проспект науки». - 2007. - 169 с.
2. Колычев, Н.М., Госманов, Р.Г. Ветеринарная микробиология и иммунология. – М.: КолосС, 2006. - 432 с.

ТҮЙІН

Бекіре тұқымдас балықтарды өсірудің негізгі максаты бастапқыда тауарлық кондициялы балық өндіру болды, бірақ соңғы уақытта ғана балық құнының 95% құрайтын уылдырықты алу жағына баса назар аударылды.

Сонымен қатар, ең құнды және әлемдік танымалдылықты пайдаланатын «қара уылдырық» деликатестерінің бірі болып табылатын бекіре балықтарының қорлары соңғы онжылдықта апатты түрде азайды.

Қандай да бір жағдайда қалыптасқан жағдай аквадакылда бекіре балықтарын өсіру және уылдырықты тірі жолмен алу мүмкін.

Мақалада уылдырықты тірі алудан бастап дайын өнім санатына дейінгі кезеңдерде сыни бақылау нүктелерін анықтау арқылы уылдырықты ықтимал микробтық тұқымдандыру процесін мониторингілеу арқылы ХАССП жүйесі бойынша зерттеулер ұсынылған.

Жүргізілген зерттеулер нәтижелері бойынша университеттің аквариум кешенінде бекіре балықтарының уылдырығын алу және өңдеу үшін пайдаланылатын жабдықтар мен құрал-саймандар санитарлық нормативтерге сәйкес келетіні анықталды. Алынған уылдырықтың микрофлорасы МАФАНМ мен БГКП-ның құрамы бойынша жалпы қабылданған нормативтерден аспайды және уылдырықты алудың және одан әрі қайта өңдеудің барлық технологиялық процесі санитарлық нормативтерге сәйкес жүргізіледі, ал өнім тамақ қауіпсіздігінің талаптарына жауап береді.

RESUME

The main purpose of rearing sturgeon was originally the production of fish, commodity standards, but only in recent times the emphasis has shifted in the direction of obtaining caviar, which accounts for 95 % of the cost of the fish.

At the same time, the stocks of sturgeon, which are the source of one of the most valuable and world — famous delicacies – «caviar», have dramatically decreased in recent decades.

To some extent, the current situation is possible by breeding sturgeon in aquaculture and obtaining caviar in vivo.

The article presents studies on the HACCP system, by monitoring the process of potential microbial contamination of caviar, by determining the critical control points at the stages from lifetime production of caviar to the category of finished products.

According to the results of the research it was found that the equipment and inventory used in the aquarium complex of the University for the production and processing of sturgeon caviar in vivo meets sanitary standards. The microflora of the caviar obtained by the content of mesophilic aerobic and facultative anaerobic microorganisms and E. coli group bacteria does not exceed the generally accepted standards and the entire technological process of obtaining caviar and its subsequent processing is carried out in accordance with sanitary standards, and the products meet food safety requirements.

ӘОЖ 619.614.31/636.5.03

Анарбаева А.С.¹, PhD докторанты

Усенбаев А.Е.², ветеринария ғылымдарының кандидаты, қауымдастық профессор

Паритова А.Е.², PhD докторы, аға оқытушы

Жанабаев А.А.², ветеринария ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

¹ «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КеАҚ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

² «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ, Астана қ., Қазақстан Республикасы

КАМПИЛОБАКТЕРИОЗ КЕЗІНДЕ ҚҰС СОЙЫС ӨНІМДЕРІН ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ - САНИТАРИЯЛЫҚ САРАПТАУ

Аннотация

Бұл мақалада Алматы құс шаруашылығы мен кәсіпорындарында кампилобактериозбен ластанған құс өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық бағасы берілген. Кампилобактериоз ішек індеті болып табылады. Кампилобактериялар ластанған құс ұшасы арқылы адам ағзасына түсіп, әр түрлі интоксикацияларға әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл ауру кезінде құс сойыс өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау міндетті болуы тиіс. Зерттеу нысаны құс ұшалары, шайындылар, тауықтардың ішкі мүшелері болып табылды (n=150). Зерттеу мақсаты – Алматы қаласының индустриалды құс шаруашылықтарында және сауда орындарында құс сойыс өнімдеріндегі кампилобактериоз қоздырушыларының таралу ерекшеліктерін ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан анықтау. Біздің жүргізілген зерттеулеріміздің нәтижесінде кампилобактериялардың әр түрлерімен ластанған тауық ұшаларының 30% анықталды. Сандық мөлшерде *S. jejuni* – 92 % түрі басым болды, соның ішінде *ssp. jejuni* – 88%, *ssp. doylei* – 4% мөлшерде анықталды. Ал *S.coli* – 4%, *S.lagi* – 2% шамасында кездесті. Кампилобактериялармен ластанған сойыс құстарының ұшаларын ветеринариялық-санитариялық бағалау кезінде ұшалардың беткейі ақшыл-сары түсті, сұрғылт реңкті, жабысқақ емес, кілегейсіз, сау құстан алынған ұшалармен салыстырғанда кескен жерінде бұлшықеттері онша тығыз емес. Пероксидаза реакциясы теріс нәтиже берді, рН көрсеткіші анағұрлым сілті жаққа ауысқан (ақ бұлшықеттерде - 6,2, қызыл бұлшықеттерде - 6,3 құрады), яғни кампилобактериозбен ауырған құс ұшалары балауса емес, бұзылған еттің рН көрсеткішіне сәйкес келеді, ұшпа май қышқылдарының мөлшері нормаға сай (3,2 мг).

Түйін сөздер: кампилобактериоз, шайындылар, құс еті, ветеринариялық-санитариялық сараптау.

Campylobacter тудыратын ішек індетіне байланысты тағам қауіпсіздігін қамтамасыз ету қазіргі әлем ветеринариялық санитариясының өзекті мәселесі. Осы жағдай соңғы жылдары дамыған елдерде кампилобактериозбен ауыру деңгейінің сальмонеллезбен салыстырғанда едәуір артуына байланысты пайда болды [1].

Жыл сайын түрлі елдерде халықтың 1% кампилобактериозды жұқтырады, ал осыған байланысты болжамды экономикалық шығын тек АҚШ-та жыл сайын 1,3-6,2 млрд. долларды құрайды. 2012 жылы мұнда 2006-2008 жылдар аралығымен салыстырғанда *Campylobacter*-мен залалдану деңгейі 14%-ға артты. Британияның дүкендерінен жылына жарты миллион адам осы бактериямен ластанған тауық етін сатып алады, және олардың 100-і осы қоздырғыш тудыратын ауру себебінен қайтыс болады. Кампилобактериоз анықталған 70% аурудың себебі залалданған жануартекес өнімдер мен суды тұтынуға байланысты болады. Ауру, негізінен, шикі құс еті арқылы таралады. Сонымен қатар қауіпті өнімдерге шикі сүт, көкөністер, салаттар жатады [2-3].

Алайда, біздің және біздің және Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінде адамның кампилобактериозбен ауруы туралы мәліметтер ресми түрде тіркелмеген. Қазақстанда осы бактериозды зерттеу негізінен ветеринариялық медицинада жасалынған: кампилобактерия түрлері және түршелерінің биологиялық қасиеттері мен ірі қара малының репродуктивті органдарына жасайтын патологиялық әсері анықталған, оларды балаудың бірнеше серологиялық диагностикаларды ұсынылған. Осы ғылыми мәселеде жануартекес өнімдердің *Campylobacter* түрлерімен ластануын зерттеуге арналған жұмыстар өте аз, ал Қазақстанда осы уақытқа дейін тіптен жүргізілмеген [4-5]. *Campylobacter* туысына жататын түрлердің жануар текес өнімдермен қатынастық заңдылықтары толық қарастырылмаған, ал жеке қоздырғыштардың залалдау дозаларының деңгейлері туралы мәліметтер өзгермелі болып келеді.

Әдеби ақпараттарға сәйкес, адамдарға осы ауру құс өнімдері арқылы жұғады. Ұлы Британияның тағам қауіпсіздігі агенттігінің (FSA - Food Safety Agency) 2015 жылғы ресми статистикалық мәліметтеріне сәйкес, 19% тауық балапандары *Campylobacter*-мен жоғары деңгейде залалданған, 73%-да бактериялардың болатындығы дәлелденді. Қаптамалардағы 0,1% тауық етінде ластану көрсеткіші өте жоғары болды, ал 7%-да аталған қоздырғыш табылды. АҚШ-та сатылатын тауықтың шикі еттерінде *Campylobacter*-дің таралу деңгейі 40% артады. Еденде ұсталған тауық етінің бактериямен ластану көрсеткіші торда бағылған тауық етіне қарағанда жоғары болады [6].

Құс шаруашылығы – Қазақстан аграрлық өндірісінің интенсивті саласының бірі. ауылшаруашылық министрлігінің мәліметтері бойынша тауарлы тауық шаруашылығындағы құс саны соңғы 15 жылда осы сала өнімдеріне сұраныстың ұлғаюына байланысты 43%-ға өсті. Сондықтан тауықтан алынатын ет, жұмыртқа және басқа сойыс өнімдерінің микробиологиялық қауіпсіздігін бақылау ветеринариялық санитарияның маңызды мәселесі. Қазіргі кезде мемлекеттік дәрежедегі ветеринариялық зертханаларда аталмыш өнімдер бірнеше қатерлі бактерия қоздырғыштарына тексеріледі.

Бірақ Қазақстанда ветеринариялық-санитариялық бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жеткіліксіздігіне байланысты құс кампилобактериозына тексерулер мүлдем жүргізілмейді. Осы жағдай мақаланың өзектілігіне дәлел бола алады.

Соңғы онжылдықта кампилобактериоз мәселесі барлық елдерде өзекті болып табылады, себебі бұл мәселе адамдардың ауруға шалдығу көрсеткіштерінің өте жоғары болуына және бұл инфекцияның әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан аса зиян келтіруіне байланысты. Көптеген елдерде кампилобактериоз ауруына шалдығу ішек инфекцияларының арасында 3-29,5% құрайды. Көпшілікке түсінікті қарапайым зертханалық балау әдістерінің болмауы және Қазақстанда бұл аурудың тіркелуі кампилобактериоздың біздің елімізде таралуы туралы нақты мәлімет бермейді. Бірақ әр түрлі аймақтарда жіті ішек дисфункциялары бойынша ауруханаға түскен шектеулі аурулар контингентінде жүргізілген зерттеулер кампилобактериоз ауруының Қазақстанда бар екендігін көрсетеді [7].

Кампилобактериоз қоздырғыштардың зәрнәжістік-оральды берілу механизмдерімен сипатталатын зооантропоноз болып табылады. Кампилобактериялардың негізгі резервуары – жануарлар, ал берілу факторлары – тағам өнімдері, ауыз суы. Үй құсы еті қоздырғыштардың берілуінің жетекші факторларының бірі болып қарастырылады, ал үй тауықтары өнеркәсіптік құс өсіру шаруашылығы жағдайында ең маңызды инфекция көзі болып табылады. Бұл жағдай құстың ауруды жұқтырушылығының жоғары көрсеткіштеріне және оларды қайтадан өңдеу ерекшеліктеріне байланысты және эпидемиологиялық тұрғыдан қауіпсіз өнімді алуға мүмкіндік бермейді [8].

Құс өнімдері өндірісінің жеке кезеңдерінде құс ұшаларының инфекцияны жұқтыру дәрежесінің артуы көрсетілген. Бұл жағдай технологиялық құрал-жабдықтардың бактериялармен ластануына себепші болады. Бұл ауруды қызметкерлердің (құс шаруашылығы өнімдерінің өндіріске, қайта өңдеуге және сатуға тартылған жұмыскерлер) жұмыс кезінде жұқтыру жағдайлары анықталған. Құс фабрикаларының жұмысшыларында кампилобактерияларға байланысқан антиденелердің комплементтерінің оң титрді көрсетіп, ал тауықтарды жарып-союмен айналысатын жұмысшылар басқа операцияларды атқаратын жұмысшыларға қарағанда бұл ауруды жиірек жұқтырады [9].

Сонымен қатар, қазіргі заманға сай құс фабрикалар жағдайында жұмыс жасайтын жұмысшылардың кампилобактерияларды жұқтыру жолдары және факторлары, қауіп дәрежесі анықталмаған, құс шаруашылығы өнімдерін өндіру кезіндегі әр түрлі сатылар мен олардың еттерін халыққа сатуға жіберуге дейінгі сатыларда кампилобактериозды жұқтыру көздері сипатталмаған. Құс фабрикаларында әр түрлі көздерден бөлініп алынған кампилобактериялардың биологиялық қасиеттері (олардың антибактериялық препараттарға сезімталдығын, патогендігін, кампилобактериялардың биовариантты және серовариантты түрге жатушылығын қоса) салыстырмалы түрде зерттелмеген [10].

Зерттеу мақсаты – Алматы қаласының индустриалды құс шаруашылықтарында және сауда орындарында құс сойыс өнімдеріндегі кампилобактериоз қоздырушыларының таралу ерекшеліктерін ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан анықтау.

Бактериологиялық зерттеу үшін 150 сынама мен шайынды, 50 сынама бауырдан, 50 сынама ішектен және 50 сынама ұшаның бетін жуғандағы шайындыдан алынды. Сынамалар мен шайындыларды алуды «Құсты өсіру және құсты қайта өңдеу кәсіпорындарында құс ұшаларын, еттерін, жұмыртқаларын санитариялық-микробиологиялық қадағалау» бойынша нұсқауға сай жүргіздік. Кампилобактерияларды бөліп алу үшін Columbia, Butzler, 5% қой қаны бар Skitrow селективтік орталарын және Butzler) Code SR 085E селективтік қоспаларын қолдандық. Оқшауланған культуралардың түрлік және тұқымдастық идентификациясын «Берги бактериялар анықтаушы» (1997) мәліметтері бойынша жүргіздік. Құстарды сойып-жару барысында ұшалар мен ішкі мүшелердің ветеринариялық-санитариялық сараптауын жүргіздік және еттің санитариялық, сапалық қасиеттерін зерттедік. Еттің бактериологиялық зерттеулерін ГОСТ 21237-75 «Ет. Бактериологиялық талдау әдістері» сәйкес жүргіздік.

Құс етінің органолептикалық бағасын ГОСТ Р 51944-2002 «Құс еті. Органолептикалық көрсеткіштерін, температурасы мен салмағын анықтау әдістері» сәйкес жүргіздік. Органолептикалық көрсеткіштерін (түсі, иісі, консистенциясы, қайнату сынамасы) ҚазҰАУ-де қызмет атқаратын бес ғылыми қызметкерлердің қатысуымен бес балды жүйені қолдана отыра тексердік.

Сонымен қатар, физикалық-химиялық, биохимиялық реакцияларды етке ГОСТ 31470-2012 «Құс еті, құстан алынған субөнімдер мен жартылай фабрикаттар. Органолептикалық және физикалық-химиялық зерттеу әдістері» сәйкес қойдық.

150 материалдардың сынамаларын бактериологиялық зерттеу барысында конвейерде құс ұшаларын қайта өңдеу кезінде кампилобактериялармен контаминациялану жағдайы 4,2% құрады. Барлығы кампилобактериялардың 21 культурасы анықталды, соның ішінде 16 бактериялар культурасы *Campylobacteriosis jejuni* және 5 – *Campylobacteriosis coli* болып табылды. Құстардың ұшаларының бетіндегі шайындыларда ошақталған культуралардың жалпы санынан 17% бөлініп алынды, бауырдан – 40,5%, ішектің ішіндегі заттарында – 42,5% бөлінді. Барлық жағдайларда кампилобактериялар бауыр мен ішектен бір уақытта бөлініп алынды, кей кезде бауыр мен ішектен және ұшалардың шайындыларынан бөлінді. Кейбір жағдайларда құс ұшалары мен олардың ішкі мүшелерінен эшерихий, сальмонелла, энтерококктар және протей бактериялары (оң сынамалардың 1,2-2,5%) бөлініп жатты. Органолептикалық көрсеткіштері 1 кестеде көрсетілген.

1 кесте – Құс етінің негізгі органолептикалық қасиеттерін бағалау критеріі

Сынама-лар	Балл саны	Сыртқы түрі	Кескен жердегі түрі мен түсі	Иісі	Консистен-циясы	Қайнату сынаамасы
Бақылау тобы	5 (өте жақсы)	Беткейі жабысқақ емес, кілегейсіз	Бұлшықеттері сәл дымқыл, сүзгіш қағазда ылғалды дақ қалдырмайды, ақшыл-қызыл түсті	Хош иісті, құс етіне тән	Бұлшықет-тері тығыз, серпімді, саусақпен ет беткейін басқанда шұңқыр тез арада тегістеледі	Сорпасы мөлдір, хош иісті
1 топтағы зерттеу сынаамасы	4 (жақсы)	Беткейі жабысқақ емес, кілегейсіз	Бұлшықеттері дымқыл, сүзгіш қағазда ылғалды дақ қалдырады, ақшыл-қызыл түсті	Сәл қышқылтым	Бұлшықет--тері тығыздау, сәл серпімділеу, саусақпен ет беткейін басқанда шұңқыр 1 минут ішінде тегістеледі	Сорпасы мөлдір, сәл қышқылтым
2 топтағы зерттеу сынаамасы	3 (қанағатта нарлық)	Ұшалардың беті сұрғылт реңкті ақшыл-сары түсті, беткейі жабысқақ емес, кілегейсіз	Бұлшықеттері ылғалды, сүзгіш қағазда ылғалды дақ қалдырады, сәл жабысқақтау, сау құс ұшасынан алынған еттен гөрі түсі күңгірттеу	Кеуде және құрсақ қуысында ашыған иіс сезіледі	Бұлшықет--тері серпімді емес, саусақпен басқан кезде пайда болатын шұңқыр 1,5 минут ішінде тегістеледі	Сорпасы лайлы, иісі қышқыл
3 топтағы зерттеу сынаамасы	2 (қанағатта нарлықсыз)	Ұшалардың беті сұрғылт реңкті ақшыл-сары түсті, беткейі жабысқақ, кілегейсіз	Бұлшықеттері ылғалды, сүзгіш қағазда ылғалды дақ қалдырады, жабысқақ, сау құс ұшасынан алынған еттен гөрі түсі күңгірттеу	Ұшаның беткейінен шіріген иіс сезіледі	Бұлшықет-тері болбыр, саусақпен басқан кезде пайда болатын шұңқыр 3 минут ішінде тегістеледі	Сорпасы лайлы, ұлпалар түзеді, иісі жағымсыз
4 топтағы зерттеу сынаамасы	1 (тағам ретінде жарамсыз)	Ұшалардың беті сұрғылт реңкті ақшыл-сары түсті, кейбір жерлерде қара немесе жасыл түсті дақтар бар. Беткейі жабысқақ, кілегей бар.	Бұлшықеттері ылғалды, сүзгіш қағазда ылғалды дақ қалдырады, қатты жабысқақ, сұрғылт немесе жасыл реңкті қара түсті	Ұшаның беткейі мен бұлшықеттер ішінен шіріген иіс сезіледі	Бұлшықет-тері болбыр, саусақпен басқан кезде пайда болатын шұңқыр тегістелмейді	Сорпасы лайлы, ұлпалар түзеді, иісі жағымсызөткір, шірік

Қайнату сынамаcын қойған кезде нәтижесінде алынған сорпа мөлдір, ұлпалар түзбеді, сорпаның иісі тауық сорпасының иісіне тән, бөгде иістер байқалмады. Кампилобактериозбен ауырған тауықтардың етінің сорпасы тұнық, ұлпешекті тұнба түзді. Иісі сәл қышқылдау болды. Алынған сорпаның сезімдік бағасы баллдармен белгіленді. Сау құс етінің сорпасы үшін – 5 балл, кампилобактериозбен ауырған құстың етінің сорпасы үшін – 2 балл, яғни бұл тауық етінің екі сынақ топтарындағы анықталған көрсеткіштердің айырмашылығы – 3 балл, және сонымен қатар бұл жағдай басқа органолептикалық көрсеткіштермен салыстырғанда ең маңызды айырмашылық болып табылады.

Сау балапандардан алынған ұшалардың сыртқы келбеті 4 баллмен бағаланса, ал кампилобактериозды жұқтырған балапандардың ұшалары – 3 баллмен бағаланды, бұл жағдай салыстырмалы көрсеткіштердің шамалы айырмашылығын тек 1 баллмен көрсетті.

Кампилобактериозды жұқтырған тауықтардың сынамаcының түрі мен түсі сияқты көрсеткіштерді бағалау кезінде алынған нәтижелер сау тауықтардан алынған сынамаcлардың түрі мен түсіне сәйкес болды, сандық форматта 4 баллды көрсетті.

Сау құс етінің консистенциясы кампилобактериозды жұқтырған құс етіне қарағанда серпіндірек болды, соған байланысты сау құс еті үшін алынған нәтиже 5 баллды құраса, кампилобактериозды жұқтырған құс ұшаларына 4 баллды құрады. Бұл екеуінің 1 баллға дейін айырмашылығын көрсетеді.

Иіс көрсеткіші бойынша сау құс етінің нәтижесі инфекцияны жұқтырған құс етімен салыстырғанда 1 балл жоғары болды, және сандық форматта сәйкесінше 4 және 3 баллды көрсетті.

Дәмі бағаланбады.

Сезімдік көрсеткіштер бойынша тәжірибелер нәтижелері 2 кестеде келтірілген.

2 кесте – Бройлер балапандарының ұшаларын сезімдік зерттеу нәтижелері

Сезімдік көрсеткіш	Сау құсынан алынған етті бағалау (баллдарда)	Құс кампилобактериозын жұқтырған етті бағалау (баллдарда)
Қайнату сынамаcы	5±0,03*	2±0,01*
Сыртқы түрі	4±0,02*	3±0,03*
Кескен жердегі түрі және түсі	4±0,01*	4±0,02*
Консистенция	5±0,03*	4±0,01*
Иісі	4±0,02*	3±0,02*
Сезімдік көрсеткіш	Сау құсынан алынған етті бағалау (баллдарда)	Құс кампилобактериозын жұқтырған етті бағалау (баллдарда)

* $P \leq 0,05$

Суытылған еттің және ұшалардан алынған ластанған майдың физикалық-химиялық зерттеулерінің нәтижелері ақ бұлшықеттерде еттің рН 6,2±0,2 құрады, ал қызыл бұлшықеттерде 6,5±0,3 құрады.

Ластанған құс еттерінен алынған сорпаның 5% күкіртқышқылды мыспен қойғандағы сапалық реакциясы, сондай-ақ еттің сығындыларының аммиак пен аммоний тұздарына Несслер реактивін қолдана отыра қою барысында реакция теріс нәтиже берді. Бұлшықет ұлпаларының сығындылары пероксидазы реакциясына теріс нәтиже берді. Құстың ластанған етінде ұшпа май қышқылдарының құрамы 3,2±0,1 құрады, ал кампилобактерияларды жұқтырмаған етте – 3,0±0,2 мг КОН құрады. Құс ұшаларының ұшпа май қышқылдарының және пероксидтік санының көрсеткіштері 0,67±0,02 (КОН бойынша мг), 0,0059±0,0003 (%) және сәйкесінше 0,56±0,01 (КОН бойынша мг), 0,0053±0,0001(%) құрады.

3 кесте – Сойыс құс ұшаларын ластайтын кампилобактериялардың түрлік құрамы

Зерттелетін материал	Бөлініп алынған кампилобактериялар культурасының саны		Кампилобактериялардың түрге тиесілігі			
	барлығы	%	Кампилобактериялардың түрлері	Бөлініп алынған культуралар саны	Бөлініп алынған кампилобактериялар культурасының жалпы санынан алынған %	
Сойыс құс ұшаларынан және органдардан алынған шайындылар (150 үлгі)	50	33,3%	<i>C.upsaliensis</i>	1	2	
			<i>C.jejuni</i>	Барлығы	46	92
				Соның ішінде <i>ssp. jejuni</i>	44	88
				<i>ssp.doylei</i>	2	4
			<i>C.coli</i>	2	4	
<i>C.lari</i>	1	2				

3 кестенің мәліметтеріне сәйкес сойыс құстарының 33,3% ұшалары әр түрлі кампилобактериялардың түрлерімен жұқтырылғаны туралы анықталды. Барлық бөлініп алынған кампилобактериялардың түрлері термотолерантты топқа жатады, бұл жағдай себінділердің өсу температуралық режимімен анықталды. Сандық мөлшерде *C. jejuni* – 92 % түрі басым болды, соның ішінде *ssp. jejuni* – 88%, *ssp.doylei* – 4% мөлшерде анықталды. Ал *C.coli* – 4%, *C.lari* – 2% шамасында кездесті.

Барлық оқшауланған кампилобактериялар адамдардың жіті түрде өтетін ішек инфекцияларының мүмкін этиологиялық агенттері ретінде белгілі. Сойылған құс етінің кампилобактерияламен ластану деңгейі жоғары емес, бұл Алматы облысында орналасқан құс етін өңдеуге арналған кәсіпорындарда санитарлық-гигиеналық шаралардың жеткілікті түрде жүргізілетінін көрсетеді.

О.И. Касьяненко, Т.И. Фотина және т.б. мәліметтері бойынша кампилобактериоз кезінде тауық етінің ветеринариялық-санитариялық және сапалық көрсеткіштерін балауса еттің көрсеткіштерімен салыстырғанда анағұрлым айырмашылық байқамадық, осыған байланысты сойыс құстарының ұшаларының ластану көздерін микробиологиялық зерттеулерді жүргізбестен анықтау мүмкін емес.

Сондықтан бұл зерттеулердің мақсаты *Campylobacter* тұқымдас бактерияларын бөліп алу және бір-бірінен ажырату әдістерін аз уақытта және шығыс материалдарын минимальді жою арқылы жетілдіру болып табылады.

Қорытынды. Біздің жүргізілген зерттеулеріміздің нәтижесінде кампилобактериялардың әр түрлерімен ластанған тауық ұшаларының 30% анықталды. Бөлініп алынған кампилобактериялардың барлық түрлері термотолерантты топқа жатады, бұл себінділерді өсірудің температуралық режимімен анықталады. Сандық мөлшерде *C. jejuni* – 92 % түрі басым болды, соның ішінде *ssp. jejuni* – 88%, *ssp.doylei* – 4% мөлшерде анықталды. Ал *C.coli* – 4%, *C.lari* – 2% шамасында кездесті.

Бізбен алынған мәліметтер Ж.Н. Шурышөва, О.Д. Складов, M.L. Hanninen., F.F. Hudson J.A. de Voer және т.б. зерттеу нәтижелерімен сәйкес келеді.

Кампилобактериялармен ластанған сойыс құстарының ұшаларын ветеринариялық-санитариялық бағалау кезінде ұшалардың беткейі ақшыл-сары түсті, сұрғылт реңкті, жабысқақ

емес, кілегейсіз, сау құстан алынған ұшалармен салыстырғанда кескен жерінде бұлшықеттері онша тығыз емес, серпінділігі нашарлау, еттің бетін саусақпен басқан кезде пайда болған шұңқыр бір минут ішінде қалпына келеді, кеуде құрсақ қуысынан ашыған иіс шығады, қайнату сынамасын қойған кезде сорпасы бұлыңғыр, ұлпектер түзеді, сорпаның иісі жағымсыз. Пероксидаза реакциясы теріс нәтиже берді, рН көрсеткіші анағұрлым сілті жаққа ауысқан (ақ бұлшықеттерде - 6,2, қызыл бұлшықеттерде - 6,3 құрады), яғни кампилобактериозбен ауырған құс ұшалары балауса емес, бұзылған еттің рН көрсеткішіне сәйкес келеді, ұшпа май қышқылдарының мөлшері нормаға сай (3,2 мг).

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жакипбаева Б.Т. Микробиологическая характеристика и санитарно-эпидемиологические особенности кампилобактериозов на промышленных птицекомплексах: автореф. ... канд. мед. наук: 03.00.07. - Алма-Ата, 1992 - 21 с.
2. Штукарева М.Ю., Ленченко Е.М., Гладских Л.В., Алабугина Т.В., Барков А.В. Влияние низких температур на выживаемость кампилобактеров в мясе // Пища. Экология. Человек: матер. междунар. науч.-техн. конф. – Москва, 1995. – С. 200-201.
3. Baillon M.L.A., van Vliet A.H.M., Ketley J.M., Constantinidou C., Penn C.W. An iron-regulated alkyl hydroperoxide reductase (AhpC) confers aerotolerance and oxidative stress resistance to the microaerophilic pathogen *Campylobacter jejuni* // *Journal of Bacteriology*. – 1999. – Vol. 181. – P. 4798-4804.
4. Black R.E. Levine M.M., Clements M.L., Hughes T.P., Blaser M.J. Experimental *Campylobacter jejuni* infection in humans // *The Journal of Infectious Diseases* – 1988. – Vol.157 – P.472-479.
5. Касьяненко О.И., Фотиной Т.И. Усовершенствование ветеринарно-санитарной экспертизы продукты убоя птицы при кампилобактериозе. – Сумы: Сумский национальный аграрный университет. – 2011. - С. – 224.
6. Шурышева Ж.Н., Шевелева С.А. Мониторинг загрязненности пищевых продуктов бактериями рода *Campylobacter* // Питание здорового и больного человека: мат. конф. - Санкт-Петербург, 2005. - С.220-221.
7. Скляр О.Д. Ростообеспечивающие и селективные свойства питательных сред для кампилобактеров // Актуальные проблемы патологии сельскохозяйственных животных: матер. междунар. науч.-практ. конф. - Минск: Хата, 2000. - С. 330-332.
8. Hanninen M.L., Naajanen H., Puumi T. Detection and typing of *Campylobacter jejuni* and *Campylobacter coli* and analysis of indicator organisms in three waterborne outbreaks in Finland // *Applied and Environmental Microbiology* – 2003. – Vol 69. – P. 1391 -1396.
9. Hudson J.A., Nicol C., Wright J. Seasonal variation of *Campylobacter* types from human cases, veterinary cases, raw chicken, milk and water // *Applied and Environmental Microbiology* – 1999. - Vol. 87. – P. 115-124.
10. Brown P.E., Christensen O.F., Clough R.E., Hazel S., Kemp R., Leatherbarrow A.J., Moore A., Su herst J., Turner J., Williams N.J., Wright E.J., French N.P. France spatial distribution of environmental *Campylobacter* spp // *Applied and Environmental Microbiology* – 2004. - Vol. 70. – P. 6501-6511.

РЕЗЮМЕ

В статье представлена ветеринарно-санитарная оценка тушек птицы зараженной кампилобактериозом, полученной в Алматинских птицефабриках и предприятиях. Приводятся результаты исследования продуктов убоя птицы, полученные сенсорными, физико-химическими и бактериологическими исследованиями. Практическая часть работы была выполнена на кафедре ветеринарно-санитарной экспертизы и гигиены Казахского национального аграрного университета. Объектом исследования были куриные тушки, смывы и внутренние органы цыплят. Целью исследования было выявить особенности распространения возбудителей кампилобактериоза в птицеводческих продуктах на промышленных

птицефабриках и торговых точках Алматы с ветеринарно-санитарной точки зрения. В результате наших исследований было выявлено 30% продуктов убоя, зараженных различными типами кампилобактерий. Все типы полученных кампилобактерий относятся к группе термотолерантных, которая определяется температурным режимом культивирования посевов. В количественном выражении преобладает *C. Jejuni* - до 92%, включая *ssp. jejuni* - 88%, *ssp.doylei* - 4%. и *C.coli* - 4%, *C.lari* - около 2%. При ветеринарно-санитарной оценке убитых птиц, которые поражены кампилобактериозом, поверхность тушек светло-желтая, сероватым оттенком, липкий, без наличия слизи, при разрезе мышцы менее плотные, чем у тушек здоровых птиц.

RESUME

In the article veterinary-sanitary appetite is represented by carcass pancreatic kamilobacteriosis, obtained in Almaty poultryfabriches and enterprises. The result is the search for the product of the suicide pests, obtained by sensory, physico-chemical and bacteriological research. The practical part of the department was veterinary and sanitary examination and hygiene of the Kazakh National Agrarian University. The object was studied by curly hair, saline and intravenous organs of chypre (n = 150). Celium research has revealed the potential for the spread of propylobacteriosis in poultry products on industrialized poultry farms and trade points in Almaty at veterinary and sanitary points. In the result of our research, 30% of the product was identified as infected with different types of campilobacterium. All types of received capilobacteria are attributed to the group of thermoterferencing, thus determining the temperature regime of cultivation of fossils. In *C.Jejuni* 's predominantly genetic variation - up to 92%, including *ssp. jejuni* - 88%, *ssp.doylei* - 4%. and *C.coli* - 4%, *C.lari* - 2%. During the veterinary-sanitary evaluation of the killed poultry, it is damaged by the campilobacteriosis, the color of the gluten-yellowed, serovaty oxygencoma, peppermint, without mildew, while the muscular shoots are damaged.

ӘОЖ 48.73

Батырбеков А.Н., ветеринария ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Алиев К.Т., магистрант

Алиева Г.К., PhD докторанты

РМК ШЖҚ «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті», Қостанай қаласы, Қазақстан Республикасы

ІРІ ҚАРА МАЛ ЛЕЙКОЗЫНЫҢ ЭПИЗОТОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСІ МЕН ҚОЗДЫРУШЫСЫН ДЕВАСТАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

Ірі қара мал лейкозы туралы мақалалар көп жазылуда. Бұл аурудың ерекшелігі ауруға шалдыққан жануарларда бастапқы кезеңде ешқандай белгілер байқалмайды. Сиыр сыртқы белгілерінен сау мал сияқты, сүті азаймайды, жақсы бұзаулайды. Дегенмен сол уақытта ол жануарда ірі қара мал лейкозының вирусы тіршілік етеді. Лейкоз – бұл емделмейтін ауру.жануар вирусты өмір бойы алып жүреді. Организмде ол қанның ақ түйіршіктерінде мекендейді және оны жою мүмкін емес. Бірақ ол организмді біртіндеп жояды. Бірнеше ай өткеннен кейін ауру жануарлардың лимфа түйіндері үлкейіп,арықтап, өнімділігі төмендеп сонында өлімге әкеледі. Ірі қара мал лейкозымен күресу жолдары бар. Бірақ оларды қолданған жағдайдың өзіндеде ауру малды емдей алмаймыз , бірақ басқа сау малдарды аман алып қалуымыз мүмкін. Біріншіден, ірі қара мал лейкозын алты айлық жаста анықтау керек. Егер вирус қашарларда анықталса, оларды ұрықтандыруға болмайды, өткені одан ауру бұзау туылады. Екіншіден, бұзауларға лейкозбен ауырған сиырлардан алынған сүтті бермеу керек. Үшіншіден, ауру малды сау малдардан оқшаулап ұстау керек. Содан кейін ветеринарлық – зоотехникалық шараларды жүргізу керек. Келесі қадам ол – ұрықтаушы бұқаларды лейкоз вирусына тексеру. Егер инфекция анықталмаса, оларды сау сиырларға қосуға болады, ал егер

анықталған жағдайда оларды ұрықтандыруға қолдануға жол бермеу керек. Соңғысы, ветеринариялық – зоотехникалық жұмыстар жасау барысында антисептиканы қатаң қадағалау керек.

Түйін сөздер: инфекция, лимфа түйіндер, лейкоз, эпизоотология, қоздырушы, девастация, ірі қара мал.

Кіріспе. Әдеби мәліметтерді талдау барысында аурудың бастапқы кезеңінде лейкозбен ауырған ірі қара мал етінің биологиялық және ветеринарлық санитарлық бағалау сұрағы ашық тұр. Ғалымдар арасында лейкозбен ауырған малдың етін азыққа қолдану қауіпсіздігі туралы ортақ пікір жоқ. Адамның ірі қара мал лейкозы вирусымен және етінің қауіптілігі туралы мүмкіндіктер сұрағының шешілмегендігімен түсіндіріледі [1, Б.10-13].

Соңғы жылдары қой, жылқы, шошқа лейкозы жиі тіркеліп жүр. Сондықтан ауыл шаруашылық жануарларының лейкозымен күресу мемлекеттік маңызды іс болып табылады, жалпы ғылыми зерттеу барысында этиологиялық және патогенетикалық мәліметтер қазіргі таңда өте өзекті болып тұр. Біздің міндетіміз эпизоотологиялық жағдай мен лейкоз ауруының таралуын зерттеу. Соңғы жылдары отандық және шетелдік зерттеушілер ірі қара мал лейкозымен күресу жолдарын талдау, сонымен қатар патогенез бен эпизоотология ерекшеліктері, биологиясы, этиологиясы бойынша көптеген материалдар жиналды.

Адам мен жануарлардың тығыз байланысы, азыққа ет және сүт өнімдерін қолдану, аурудың дамуы мен өту белгілерінің ұқсастығы лейкозбен ауыратын жануарлардан алынған мал өнімдерін ветеринариялық- санитариялық бағалауда мал дәрігерінің біліктілігін талап етеді. Өткізілген зерттеулер нәтижесінде ауру дамуының ісік пайда болу сатысында сойылған ауру жануарлардың ұша еті мен ішкі мүшелері микробтармен қатты ластанған, ал еттің биохимиялық және органолептикалық көрсеткіштерінде мөлшерден тыс ауытқулар байқалады.

Ірі қара малдың лейкоз ауруы соңғы 20-25 жылда мал шаруашылығының дамуына кері әсерін тигізуде. Бұндай жағдайдың болуы аурудың толық, дұрыс зерттелмегеніне байланысты. Инфекциялық ауруды толық білу үшін оның барлық инфекциялық және эпизоотологиялық сатыларын білу керек. Зерттеуді жүргізетін мекемелер ауруды зерттеген кезде аурулардың дамуына ерекше көңіл бөледі. Бұндай жұмыс ауру малдарды емдеу мен алдын алу үшін өте тиімді болып табылады. Лейкозбен ауырған жануарларды емдеу мен алдын алу шаралары арнайы диагностика жасау үшін қолайлы. Ауру қоздырушысын жақсы біліп меңгерсек, қоздырғыш шыққан шаруашылықты анықтап, таралу механизмі мен эпизоотологиялық процестің қозғау күштерін анықтау [2, Б.54].

Өкінішке орай бұндай зерттеулер жүргізілмейді, ірі қара мал лейкозының эпизоотологиялық процесінің әртүрлі аспектілерін білу, инфекциялық аурудың негізгі факторы болып табылады. Бірақ бұл процестер қоздырушының таралу механизмі мен таралу жолын бақылау әдістерімен ерекшеленеді. Эпизоотологиялық процесті жануарларды ұстайтын жерлерді бақылау керек, осы мәселеге қазіргі таңда көп көңіл бөлмейді.

Қостанай облысы бойынша 2008-2016 жылдар аралығында ірі қара малы лейкоз ауруына зерттеу мониторингісі бойынша лейкозға сералогиялық зерттеуден 1,3 млн. бас, 67,0 мың жауап қайтарушы ол 4,87 % ды құрап, 2012 жылда 3,42 % 2008 жылы 9,01% ауытқуларымен көрсетті [3, Б.49].

Материалдар мен әдістер. Қарастырылып отырған тақырыптың негізгі эпизоотологиялық бақылауларының нәтижелері, лейкоз шыққан жерлерді зерттеу мен Қостанай облысы бойынша эпизоотологиялық жағдайды талдау. Эпизоотологиялық процесс теориясына сәйкес, ірі қара мал лейкозы инфекциялық аурулар факторлар категориясына жатады, эпизоотологиялық процесс инфекция қоздырушысының эстафеталық таралуына сәйкес болу керек. Инфекция қоздырушысы тура жолмен тарайды. Сондықтан девастация жасауға мүмкіндік береді. Бұл үшін лейкоздың эпизоотологиялық процесін бақылау нақты, дәлелді болу керек. Басқаша айтқанда сауықтыру шаралары инфекция қоздырушысының көзін немесе таралу механизмінің алдын алу арқылы жою [4, Б. 7].

Өткен жылдарға көз жүгіртсек, соңғы 16 жылда иммунды дифузды реакция (ИДР) бойынша зерттегенде 10 мың бастың 14% ауруға оң нәтиже берді, ал гематологиялық зерттеу әдісі бойынша зерттегенде 200-220 бас ауру болып шықты.

Осы мәліметтерге сүйенсек ірі қара мал лейкозы көп жылдар бойы жоғарғы бір дәрежеде. Осыған байланысты инфекцияға қарсы жүргізіліп жатқан шаралар қоздырушының таралу механизмі мен негізгі көзіне әсерін тигізбеуде. Гематологиялық сатының бастапқы кезеңінде табыннан ауру малдарды оқшауласақта, аурудың таралуы қалыпты жалғасуда. Сондықтан өткізіліп отырған эпизоотологияға қарсы шаралар ірі қара мал лейкозының эпизоотологиялық процесіне сәйкес келмейді.

Лейкоздың неізгі иесі ірі қара мал қанындағы формалық элементтер болып табылады. Ауру жануарларды қоршаған сыртқы орта объектілерінен осы инфекциялық аурудың қоздырушысын ешкім ешқандай жолмен бөліп ала алған жоқ [5, Б.21].

Аурудың таралуының мүмкін болатын екі жолы ғана бар: көлденең таралу жолы-ауру көзінің ауруға бейім жануарға таралуын анықтайды. Ол көптеген механизмдермен таралады. Бұл жолмен барлық классикалық инфекциялық аурулар таралады; тура жолмен таралу жолы – ауру ата-анасынан ұрпаққа талалу. Ауру қоздырушысының таралу механизм жолдары жатыр ішінде, туу кезінде және сүт арқылы болып табылады. Аурудың тігінен таралу жолы инфекциялық аурулардың, соның ішінде лейкоздың қоздырушылығының таралуын қамтамасыз етеді [6, Б.86].

Егер инфекция қоздырушылары жануарларға көлдене жолмен таралатының білсек, бұл таралу жолы ятрогенді немесе трансмиссивті механизммен іске асады. Лейкоз қоздырушысы ятрогенді механизммен таралу мүмкіндігі аз, ең алдыменол ветеринарлық мамандардың іс әрекеті арқылы бұл аурудың таралуының ықтималдығы төмен болды. Дегенмен, 1985-90 жылдарда бұл механизмді негізгі деп санап, ветеринарлық мамандар оның таралуына әкелетін жұмыстарды тоқтатты. Ректальді зертеулер резинке қолғаптармен, ал малдардан қан алғанда әр жануарларға жеке инелер қолданды. Бірақ бұндай ветеринарлық маманның мәдениетін сипаттайтын шараны қолдану лейкоз бойынша эпизоотологиялық жағдайды өзгерткен жоқ. Сонымен қатар лейкоздың өте ертеректе, яғни қан мен ректальді зерттеулер жасамас бұрын шыққанын ескеру керек [7, Б.9].

Лейкоз қоздырушысының қанда ятрогенді таралуынан басқа ұшатын қансорғыштармен таралуында мүмкін. Мұндай жолмен таралу мүмкіндігі ятрогенді механизмге қарағанда жоғары. Бұл жағдайда инфекция қоздырушысының көзі ауру жануардың ісік және гематологиялық сатысы жағдайында болуы мүмкін. Жоғарыда айтып өткендей 110-120 мың бас жануарларды жыл сайын табыннан алып тастайды. Егер инфекция қоздырушысының трансмиссивті таралуы эпизоотологиялық процестің шығу динамикасын анықтаса, онда жыл сайын табыннан ауру жануарларды бөліп тастау, эпизоотологиялық жағдайдың жақсаруына әкелетін еді. Осылай аурудың бастапқы гематологиялық сатысы кезінде лейкозбен ауырған жануарларды табыннан оқшаулау арқылы өлетін сиырлар саны мен ет комбинаттарында жойылатын ұшалардың саны азаятын еді. Лейкоз қоздырушысының көлдене таралатын басқа механизмдері жоқ. Сонымен қатар лейкоз вирусының тігінен таралу жолына да мән берген жөн, өйткені эпизоотологиялық процесс теориясы соған негізделген. Бұндай жолмен ауруды жұқтыруда ауру қоздырушысы жатыр ішінде немесе жаңа туылған төлге анасынан жұғуы мүмкін. Лейкоз қоздырушысының тігінен таралу жолын жалпы бір бүтін ретінде қарастыру керек. 1976 жылы А.Ф.Бублий, А.В.Хаврук, П.И. Куц, Г.К. Сметанина «Ветеринария» журналының №2 нөмерінде бұл инфекциялық аурудың тура жолмен таралатыны туралы мәліметтер келтірілген. Бірақ олар бұл жағдайда кейбір жануарлар тұқымының осы инфекциялық ауруға генетикалық бейімділігі мен тұқымқуалаушылық деп бағалады [7, Б.17]. Бірақ бұл олай емес. Лейкоз қоздырушысы күйіс қайыратын жануарларда тұқым ерекшеліктеріне қарамай тура жолмен тарайды. Біз Қостанай облысы шаруашылықтарындағы эпизоотологиялық жағдайды талдай келе, бірнеше рет көзіміз жетті. Сонымен қатар лейкозға қарсы сауықтыру шаралары өткен Қарасу ауданы, Таран аудандарындағы шаруашылықтарында қарастырдық. Көптеген зерттеулерді талдайты болсақ 20% жаңа туылған бұзаулар лейкоз ауруын ата-анасынан жұқтырады. Соған байланысты

лейкоздың алдын алу мен күресу жолдары ірі қара малдар арасында жасырын вирус тасымалдаушы жануарларды анықтау.

Осы аталған мәліметтер бойынша инфекцияның қоздырушысының көзі мен оның таралу механизмін бөгеуге бағытталған ірі қара мал лейкозының эпизоотологиялық процесін бақылау жүйесін түсінуге болады. Қазіргі кезде бұндай қоздырушы көздерін олар іштегі ұрыққа еніп болғаннан кейін ғана бөгет бола алады. Біздің ойымызша серологиялық зерттеулердің сезімталдығын жоғарлату мал шаруашылықтарында бұл инфекциялық аурудан сауықтыруды қамтамасыз етпейді. Мал басымен жұмыс жасау керек, ал серологиялық зерттеу бұл жұмыста көмекші ретінде ғана. Ірі қара мал лейкозының клиникалық көрінуі мен патологиялық өзгеруі қан жасаушы мүшелер мен қанның формалық элементтерінің вируспен зақымдану дәрежесімен анықталады. Бұл ауру ұзақ уақыт өтеді, өйткені серологиялық және гематологиялық сатысында ешқандай белгілер байқалмайды. Ісік пайда болу сатысында қанның формалық элементтері мен қан жасаушы мүшелері қатты зақымдалып жануарлардың өлуімен аяқталады. Ауру сатысының ұзақтығы қоздырушының вирусының мөлшерімен анықталады. Ғылыми қызметкерлер көптеген жылдар бойы лейкоздың инфекциялық процесіндегі мәселелерді зерттеуде. Сонымен қатар патолого- генетикалық жағдайы мен инфекциялық процестің өту ерекшеліктерін және басқа аурулармен сәйкестігін зерттеп, оның негізінде қоздырушының жергілікті штамдар негізінде жаңа ветеринарлық препараты дайындауда. Бірақ бұл лейкоз бойынша эпизоотологиялық жағдайды жақсартуға ешқандай әсер етпейді.

Ал ірі қара мал лейкозының эпизоотологиялық процесінің мәселесі ветеринария саласының сыртында қалып отыр.

Зерттеу нәтижелері. Зерттей келе ірі қара мал лейкозының эпизоотологиялық процесі осы аурумен инфицирленген сиыр өзінің құрсағындағы төліне осы инфекция вирусын жұқтыру заңдылығы болып табылады. Ең алдымен вируспен қанның формалық элементтерінің кішкене мөлшері зақымдалады. Бұл сатыда ауруды ИДР зерттеседе анықтай алмайды, сондықтан сатыны симптомсыз деп атайды. Қанның формалық элементтеріне лейкоз қоздырушысының агрессиясына қарай ИДР патология анықтайтын саты басталады. Оны серологиялық деп те айтады. Ары қарай вирустың агрессиясы гематологиялық сатыға әкеледі. Қанның формалық элементтер саны мен қан жасаушы мүшелерді зақымдап, ісіктер пайда болып, жануарлардың өлімімен аяқталады.

Қорытынды. Егер барлық жаңа туылған, үш, алты, тоғыз, он екі айлық бұзауларды ИДР бойынша зерттеп, оң нәтиже берген бұзауларды анасымен бордақылау топтарына жинаса онда 3-5 жыл ішінде шаруашылықтарда лейкоз ауруынан жануарларды сауықтыру қамтамасыз етілетін еді. Осыған байланысты лейкоз ауруымен ауыратын жануарлар санында азаятын еді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Малая (Руденко) Е.О., Пионтковский В.И. Реальное состояние по лейкозу крупного рогатого скота, основные направления его профилактики и оздоровление скота // Матер. междунар. национального первенства по научной аналитике, открытого Европейско-Азиатского первенства по научной аналитике.- Лондон, 2012. - 54с.
2. Гулюкин М.И, Симонян Г.А., Замираева Н.В., Макарова Л.А. Итого и перспективы научных исследований по проблеме лейкоза КРС // Труды ВИЭВ. – 1998. - Т.71. – 236 с.
3. Рысалдина А.Т, Чужебаева Г.Ж, Рыщанова Р.М. Ірі қара мал лейкоз ауруына ИФА әдісімен балау. // Көп салалы журнал. – 2017. - №2. – 324 б.
4. Баркова Н.В. Иммунологический контроль как основа повышения эффективности мероприятий по борьбе с лейкозом КРС: автореф. ...канд. вет. наук: 16.00.03. - М.: Всероссийский научно-исследовательский институт экспериментальной ветеринарии имени Я.Р. Коваленко, 1998. - 24с
5. Джупина С.И. Теория эпизоотического процесса. М., 2004. – 123 с.
6. Мурватуллоев С.А. Влияние природно-хозяйственных и техногенных факторов на эпизоотологию и характер проявления лейкоза КРС: автореф. ...док. вет. наук: 16.00.03. М.

Всероссийский научно-исследовательский институт экспериментальной ветеринарии имени Я.Р. Коваленко, 1998. – 49 с.

7. Логинов С.И. Системный эколого-эпизоотологический анализ совокупного риска развития лейкоза КРС: автореф. ...док. биол. наук.: 16.00.03, 03.00.16. – Новосибирск: ГНУ «Институт экспериментальной ветеринарии Сибири и Дальнего Востока», 2005. – 25 с.

РЕЗЮМЕ

О лейкозе крупного рогатого скота в печати писали неоднократно. Особенность его в том, что заразившееся животное в первые месяцы не проявляет никаких признаков болезни. Корова с первого взгляда здорова, удой не снижается, телится нормально. И в тоже время в ней уже «поселился» вирус лейкоза крупного рогатого скота. Лейкоз - болезнь неизлечимая. Животное будет носить вирус всю жизнь. В организме он живет в белых кровяных шариках (лейкоцитах) и уничтожить его невозможно. Но он постепенно разрушает организм. Через несколько месяцев болезнь проявляется в виде увеличенных лимфоузлов, исхудания животного, снижения его продуктивности и в конце концов приводит к гибели. Существуют правила борьбы с лейкозом крупного рогатого скота. Однако даже с помощью них животных вылечить невозможно, но зато есть возможность спасти все остальное поголовье. Первое, что необходимо сделать, это выявить лейкоз у крупного рогатого скота после шестимесячного возраста. Если выявлены вирусы у телочек, то нельзя их осеменять, дабы она не отелилась зараженным теленком. Помимо этого, необходимо исключить выпаивание телят молозивом и молоком коровы, которая заражена вирусом лейкоза. Третий шаг - это отделение больного крупного скота от здорового. Таким образом, другие животные не заразятся. Затем рекомендуется осуществить ветеринарно-зоотехническую профилактику. Следующий шаг - это проверка быков-осеменителей на вирус лейкоза. Если инфекция не выявлена, то их можно подпускать к здоровым коровам, а если нет, то ни в коем случае нельзя этого делать. И последнее - это строгое соблюдение антисептики во время ветеринарно-зоотехнических действий.

RESUME

The press is writing about a leukosis of cattle a lot . The main thing is that the infected animal in the first months does not show any symptoms of a disease. At first sight the cow is healthy, the yield of milk does not decrease, breeding as normal. And in the sane time the virus of a leukosis of cattle already «living» inside.A leukosis - an incurable disease. The animal will carry a virus whole life.It lives In an organism in white blood balls (leukocytes) and it is impossible to destroy it. But it gradually destroys an organism. In several months the disease showing itself in the form of the increased lymphonoduses, the emaciation of an animal, decrease in its efficiency also eventually lead to death. There are rules of fight against cattle leukosis . However even with that rules animals cannot be cured, but there is an opportunity to save all other livestock. The first that needs to be made, it to reveal a leukosis at cattle after a six-months age. If viruses at cow calves are revealed, then it is impossible to inseminate them that she did not calve the infected calf. In addition, it is necessary to exclude a feeding of calfsa colostrum and milk of a cow who is infected by a leukosis virus. The third step is a separation of sick cattle from healthy. Thus, other animals will not be infected. Then it is recommended to perform veterinary zootechnical prevention. The following step is a check of bulls-fertilisationers on a leukosis virus. If the infection is not revealed, then they can be admitted to healthy cows, and if not, then it is impossible to do it at all. And the last is an adherence of antiseptics during veterinary and zootechnical actions.

УДК 619:579.842.14:637.4

Елеусизова А.Т., PhD, старший преподаватель

Бахтиярова А.Н., магистрант

РГП на ПХВ «Костанайский государственный университет имени Ахмета Байтурсынова», г. Костанай, Республика Казахстан

САНИТАРНО-БАКТЕРИОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ СКОРЛУПЫ КУРИНЫХ ЯИЦ И ИХ СОДЕРЖИМОГО

Аннотация

В данной статье приведены результаты органолептического и микробиологического исследования состава микрофлоры с поверхности скорлупы пищевых куриных яиц, на наличие патогенных сальмонелл. Определение роли поверхности скорлупы яиц и их содержимого как источника обсеменения яйцепродуктов. Для исследования брали пробы яиц товаропроизводителей Костанайской области - ТОО «Птицефабрика Ершовская», АО «Север птица», «Костанайская птицефабрика» (п.Дружба), АО «Комсомольская птицефабрика», Тарановская птицефабрика. Яйца грязные или с поврежденной скорлупой быстро портятся вследствие проникновения в них различных микроорганизмов. С указанными дефектами они в продажу не поступают, но их могут применять для производства яичных продуктов. Методика и схема проведения микробиологического исследования были выполнены в соответствии с требованиями нормативно-технической документации. При проведении санитарно-микробиологического анализа пищевых куриных яиц патогенных сальмонелл выявлено не было. При проведении органолептического исследования несоответствие требованиям выявлено в трех пробах. По результатам органолептического исследования проба №4 - Комсомольская птицефабрика, имеет помет, пробы №3, 5 Костанайская птицефабрика (п.Дружба) и Тарановская птицефабрика, имеют кровавые пятна. Согласно требованиям нормативно-технической документации такие яйца не должны доходить до потребительского рынка.

Ключевые слова: *пищевые куриные яйца, скорлупа, сальмонеллёз, санитарно-бактериологическое исследование, органолептический анализ.*

